



Алматы қаласы әкімдігі
Тілдерді дамыту,
мұрағаттар және құжаттама басқармасы

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
Мемлекеттік тіл кафедрасы

**“МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ”
атты халықаралық ғылыми-әдістемелік
конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ**

2013 жылғы 29 қараша
Алматы қаласы



УДК 071
ББК 79.1
М-21

«Мемлекеттік тіл саясатының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, ғылыми редакторы филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ханшайым Әбутәліпқызы Қарабаева, «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының баспасы - Алматы, 2013. - 366 бет

ISBN 979 -601-7344-02-8

Жинақта тілді кәсіби бағдарлы оқытудың теориялық аспектілері, лингводидактикалық принциптері мен әдістері, пәнаралық интеграция, сондай-ақ қазақ тілі теориясы мен практикасының өзекті мәселелері жан-жақты талданып, ғылыми пайымдаулар жасалады.

Мақала мазмұнына авторы жауапты.

УДК 071
ББК 79.1

ISBN 979 -601-7344-02-8

© «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы

МАЗМҰНЫ

I. ТІЛДІ КӘСІБИ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

Абдиева Ш. Студенттерге кәсіби қазақ тілін оқытудағы сөйлеу мен ойлаудың мәні ..	5
Абдрахманова Ж.Ә. Көптілді меңгеру – білім беру жүйесіндегі жаңа міндет	
Абдульдина Б.Ш. Мемлекеттік тілді қызмет тілі деңгейінде үйретудің өзекті мәселелері	
Ақбұзауова Б. Болон үдерісі жағдайында тілдік білімді кәсіби бағдармен үздіксіз беруді тиімділігі	
Аширова А.Т. Кәсіби тіл және оны оқытудың инновациялық тәсілдері.....	
Любай К.К. Бағдарламалармен оқыту.....	
Баданова С.Ж. Мемлекеттік тілді ана тілі ретінде дамыту мәселелері.....	
Бисенбаева М.К. Қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі.....	
Дүйсенбаева Р. Іскерлік ойындардың маңызы.....	
Дюсембина Ғ.Ж. Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту мәселелері.....	
Ерназарова З.Ш. Жазылым іскерлігін қалыптастыру кәсіби тілді меңгерудің құрамдас бөлігі ретінде	
Жұмағұлова А.Ж. Қазақ тілін кәсіби бағдарда оқыту мәселелері	
Жұмағұлова Т.М. Қазтест жүйесі бойынша оқытудың ерекшеліктері	
Зайсанбаев Т.Қ., Канленова Б.Н. Өзгетілді топтарда кәсіби лексиканы меңгертудің тиімді тәсілдері	
Зекенова Ш.З. Кәсіби бағдар: өзбетінше оқу сабақтарында сөз мәдениетін меңгерту	
Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту.....	
Иманқұлова С.М. Мемлекеттік тілдің үш тағаны.....	
Исхан Б.Ж. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы жаңа технологиялар	

Климкина О.И.	Украина. Спор в парадигме обучения РКИ.....
Көкенова З.Қ.	Қазақ тілін ересек үйренушілерге инновациялық оқытудың үрдісі.....
Күркебаев К., Смағұлова Г.	ЖОО-дағы ресми-іскери тілдің қолданысы мен ерекшеліктері
Күзекова З.С.	Қазақ тілін меңгерудің лингвистикалық негіздері
Қанабекова Б.Қ.	Мемлекеттік тілді оқытуда қатысымдық әдістің ерекшелігі
Қалқаева А. Е.	Жалғастырушы деңгейді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері
Қасым Б.	Кәсіби маман даярлауда мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізудің тиімді әдістері
Қосубаев А.	Ыбырай Алтынсарин шығармаларын мемлекеттік тілді оқытуда қолдану ерекшеліктері.....
Қоянбекова С.Б.	Мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді білу міндеттілігі және тілді оқытудағы негізгі бағыттар
Қоянбекова С.Б., Сейітқұлова А.Т.	Мемлекеттік тілді кәсіби бағдарлы оқытудың негізгі бағыттары
Маданова М.Б.	Тіл үйренушілердің қатысымдық құзыреттілігін дамыту
Матвеева Н.В.	Россия, Башкортостан. The structure of the text in the psycholinguistic aspect (Внутренняя структура текста)
Мұқамбетқалиева М.Т.	Іскерлік қарым-қатынастарда кәсіби тілді дамыту жолдары.....
Нұрахметов С.М.	Кәсіби лексиканы меңгерту мүмкіндіктері
Нұржігітова Г.А.	Мемлекеттік тілді оқытуда жаңа технологияларды ұтымды қолдану
Оразахынова Н.А.	«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының заманауи білім берудегі рөлі
Омарова Б.А.	Кәсіби-бағдарлы қазақ тілін оқытудың өзектілігі
Өмірбекова Р.Қ.	Заманауи білім беру үдерісінің басты талабы – кәсіби-бағдарлы қазақ тілін оқыту
Ргебаева С.Қ.	Мемлекеттік тілді үйретуде интерактивті оқыту технологиясының тиімді жолдары

Рзалиева А.А.	К вопросу об эффективности системы профессионально ориентированного обучения русскому языку студентов экономических вузов
Сатжанова Т.Б.	Развитие творческого начала личности с использованием триз технологии на уроках профессионального русского языка.....
Сейдімханова Т.Б.	Студенттердің сөйлеу шеберлігін арттыру жолдары
Сембаева А.Ғ.	Жоғары оқу орындарында кәсіби қазақ тілін оқытуда қолданылатын негізгі әдіс-тәсілдер
Таңсықбаева Б.А.	Ойын технологиясын қолданудың тиімділігі
Тасыбеков Қ.	Қазақ тілін жағдаяттық сұхбаттар әдісімен үйрету
Тогжанова Л.К.	Использование инновационных технологий при обучении профессиональному русскому языку
Түсіпқалиева Р.Қ.	Студенттердің кәсіби жағдаяттық тілдесім дағдысын қалыптастыру
Тымболова А.О.	Қарым-қатынас әдебіндегі «толеранттылық» концептісі
Утанова А.	Заңгерлерге кәсіби қазақ тілін оқытудың ұтымды әдістерін меңгерудің тиімді тұстары
Уткельбаева Ж.А.	Байланыс саласының қызметкерлеріне мемлекеттік тілді оқытудағы қатысымдық ұстанымдар.....
Шаталова О.В.	Россия, Башкортостан. Планируемые результаты обучения русскому и английскому языкам, а также литературе в основной школе в условиях введения фгос нового поколения
Шыныбекова А.К.	Заңгердің кәсіби сөйлеу тілі прагматикасы
Шүленбаева Г.М.	Қазақ тілі мен әдебиетінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің ерекшеліктері..

II. ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ЖАРНАМА

Ақайұлы Ы.	Жарнама тілінің жарнама туралы заңнан тыс қалу жайы.....
Алмабеков Е.	Жарнама дискурсы және оның тілдік ерекшелігі.....
Асанбаева С.А., Юсуп П.К.	Мемлекеттік тілді жарнама саласында қолданудың өзекті мәселелері

ШЫНЫБЕКОВА А.К.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті ф.ғ.к.
aygul_69@mail.ru

ЗАҢҒЕРДІҢ КӘСІБИ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ПРАГМАТИКАСЫ

Қазіргі қазақ тіліндегі ғылыми зерттеулер шетелдік тіл білімі жетістіктерімен қатар дамып келе жатқаны баршаға мәлім. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе ие болуымен бірге көптеген жаңа атаулар, жаңа сөз қолданыстары енді. Қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар, саяси-құрылымдық өзгерістер жастардың тұрмысына да игі ықпалын тигізеді. Жоғары оқу орындарындағы орыс және қазақ бөлімдері студенттерінің сөйлеу тілі бүгінгі қоғамның, келешек ұрпақтың санасын, тіршілігін айқындап берер үлкен мәселенің бірі. Жастардың сөйлеу тілі мәдениетін баса зерттеу қажет әрі оның басым бағыттары болғаны жөн. Әлемдік лингвистикада балалар әдебиеті, балалар тілі, жасөспірімдер лексикасы, жастар ортасының сөйлеу тілі сияқты арнайы зерттелген ғылыми еңбектер қатары көп емес. Олардың көпшілігі әдеби тілге жат, тосын лексика, жаргондар, варваризмдер, жастар сленгі тәрізді мәселелерді қамтыған.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуымен бірге жоғары оқу орындарында орыс бөлімінде білім алатын қазақ ұлтынан шыққан студент-білімгерлердің ойлау және сөйлеу әрекеттері өзіндік ерекшеліктерге толы. Өзге ұлт өкілдерінен гөрі қазақ тілінде сөйлесу әрекеті тым аз, алайда, қазақ сөздерінің табиғатын өз таным-түйсігінде ерекше қабылдайтын ұрпақтың сөйлеу тілі прагматикасы мәселесі – шешімін таппаған, стильдік тұрғыдан айқындалмаған болып келеді. Олардың сөйлеу әрекетіндегі қолданған сөздері туралы теориялық еңбектер жазылмаған. Жалпы алғанда, тек орыс бөлімі студент қазақтарының ғана емес орысша ойлап, қазақша сөйлейтін орта буын, аға буын өкілдерінің де тілдік ерекшеліктеріне тоқталған іргелі зерттеу еңбектері жазылмаған.

Қазіргі қоғамда ғылым мен техниканың барлық саласында жаңаша сөз қолданыстарын қалыптастырып келе жатқан орыс тілді ортаның сөйлеу тілі, оның коммуникативтік-прагматикалық қызметін, ауызекі сөйлеу стилін қайта қарау, стиль тармақтарын толықтырып көрсетуге прагматикалық мақсат әрекетімен байланыстыра зерттеу қажет.

Бұл мәселені зерттеудің басты бағыты мен басымдылық танытатын теориясы – коммуникация, когнитивтік лингвистика, прагматика, тіл мәдениеті, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, концептуалды лингвистика, терминология, неориторика, стилистика тәрізді тіл салаларымен тікелей байланысты.

Кез келген адамның ішкі жан дүниесін көрсетер құрал – тіл болса, тілді зерттеу арқылы адамды, сөйлеу тілі әрекеті арқылы қоғамды зерттеуге болады. Болашақтағы қазақ тілінің қолданыс аясы мен сөйлеу тілі мәселесі студенттердің сөз қолданысынан жиі көрініс табады. Олар өзіне қатысты

ақпараттарды когнитивті қабілеттілікпен қабылдап, меңгеріп, елестетуарқылы мәселені шешуге, тапқырлық танытумен жаңа сөздерді өздерінше қабылдауға тырысады. Тіл мен діл, рух, сезім, сана арқылы ұғымға жаңаша мән береді. Прагматика терминін алғаш қолданған Ч.Моррис, оның пайымдауынша, бұл танбалардың жалпы теориясы [1, 6 б.]. Бұл ілімді кейіннен Н.Д.Арутюнова, Е.В.Падучева, Г.Клаус, отандық зерттеушілерден Ж.Манкеева, Д.Әлкебаева, З.Ш.Ерназарова т.б. дамыта отырып зерттеген. Прагматиканың тілдік-стильдік ерекшеліктерсіз көрініс табуы мүмкін еместігін Г.В.Солганик еңбегінен, «тілдік – ойлау» жүйесі экспрессиялардан, стандарттардан тұратынына баса назар аударғанын көруге болады.

Жастардың сөйлеу тіліндегі *отбасын құрғандар – отау көтергендер* тіркесінің орнына *жанұясы барлар* немесе *семьялы адамдар, әуесқой әншілер* деу орнына *көп шығатын әншілер, отбасын бұзғандар, ажырасқандар – үйін тастап кеткендер, қоғамдық орын – адамдар арасы* сияқты өзіндік сөз қолданыстарынан олардың мәселені тікелей қабылдау арқылы сөз қалыптастыратынын байқауға болады. *Кемелденген – дамыған, қызығу – ұнату, қысылу – ұялу, қиналу – шаршау, бөлісу – көмектесу* сияқты сөздер олардың сөйлеу ерекшеліктеріне сәйкес жиі қолданылады. *Кемелденген* сөзін түсінбегендіктен емес, *дамыған* сөзінің өз бояуын орыс тілінде дұрыс жеткізе алғандықтан да қолданыста жиі болады. *Амал, тәсіл, әдіс* сөздерінің ішінде *тәсіл* немесе *әдіс* сөздері жиі қолданылады, өйткені орыс тіліндегі баламаларын жақсы түсінеді. *Қара шаңырақ* сөз тіркесін көбінесе орысша ойлайтын студенттер «жаман жағдайда қалған үй» деп ұғады, өйткені *қара* сөзі *қайғы, уайым, қаза* деген сөздерді түсіндіруге қатысты деп ұғады. Өйткені, *черная вова, на черный день, черный квадрат, черные мысли, черный список* т.б. тіркестердегі түсінік *қара* сөзін жаман контексте қарастыруға әкеледі. *Қара қыз, қара бала, қара қазан* сөз тіркестеріндегі *қара* сын есімін қарапайым, қазақи деген ұғымнан гөрі *грязный, аульский, сельский* деп түсінуге бейім. Бұдан олардың ой-өрісіне орыс тілді ортаның өз әсерін тигізерін көруге болады.

Орыс тілді ортадағы қазақ сөздерін қолдану барысында акценттік-тілдік көріністер мол ұшырасады. Олар ақпараттық теориясы мол меңгереді, әрине, алған біліміне сәйкес қолдануға талаптанады. Олардың *мен ойлаймын* тіркесінің дұрысы – *менің ойымша, меніңше*. Алайда, орыс тіліндегі *я думаю, мне думается* сөз тіркесін қазақшаға аударып, қолдану арқылы өздерінің орыс тілді қазақ екенін дәлелдейді. Мұның өзі үлкен акценттік басты белгі болып табылады. Бұл арада орыс сөздерін аудармай, тілді бұзып айту туралы мәселе көтермегендіктен олардың орысша ойлауы мен сөйлеу жүйесіне әкелген прагматикалық элементтерін қарастырдық. Мәселенің байыбына бармай жасалатын аудармадан да олардың окказионал (тосын сөздер) тілдік қолданыстарын көруге болады. Мәселен, ақын Қ.Мырзалиевтің жеке қолданыстағы *Әдемі қыз айтқанда өтірік те әдемі* деген ойындағы *әдемі* сөзін жоғары оқу орны студенттері *әдемі айтады, әдемі түсінеді, әдемі аударма, әдемі зашықтық* сияқты сөз тіркестерімен толықтырып сөйлейді,

бұл арқылы тосын лексика элементтері күшейтіледі. *Острый нож – откір пышақ – күшті пышақ, скорая помощь – жедел жәрдем – тез жәрдем, скидывать SMS – SMS жолдау, SMS лақтыру, скачать силлабус – силлабус түсіріп алу, жазу, түсіру, жүктеу – силлабус лақтыру, скачать песню на сотку – ән жазу (ұялы телефонға) – соткаға көшіру, элективные курсы – таңдау пәндері курсы – жеке пәндер т.б.* сөз тіркестерінен орыс тілінде ойлаудың семантикалық ерекшеліктері басым көрінеді. Адресант окказионализмдерді қолданғанда тыңдаушыға тосын сөз арқылы есте қалдыру прагматикасын ұсынады [2, 85 б.]. Бұл арада прагматиканың ассоциация және үнем сияқты тілдік фреймдері көрініс табады. Жаңа, жанашыл ойды қажет ететін сөздер тілдік құбылыс ретінде жаңа сөз жасау барысында жиі қолданатыны әлемдік тіл білімінде зерттелген. Күтпеген тілдік түсінікті беруде окказионал (тосын сөздер) тіл бірлігі өз қызметін мейлінше дұрыс атқарады. Ойлау үдерісінде орыс тілінде естіген сөзді елестету арқылы жаңа атау пайда болады. Мәселен, *ценная карусель – тізбекті әткеншек – шынжырлы теккіш, колесо обозрения – шолу шеңбері – айналаны көру дөңгелегі* сияқты сөз тіркестерінің алдыңғысы әдеби болса, кейінгісі сөйлеу тілі элементі болады. Өйткені, елестету арқылы емес, тура аудару тәсілімен сөз тіркестері қолданылады. Бұл әрекет орысша ойлайтын қазақтардың сөз қолданысында кездеседі.

Сонымен қатар, омонимдік парадигма арқылы да орыс тілді қазақтардың сөз қолдану прагматикасын зерттеуге болады. Мәселен, «ауылдан бір бала келіпті» сөйлеміндегі *бала – саби, нәресте* емес, ұл немесе жігіт ұғымында жұмсалады. Орыс тілінде ойлау арқылы емес, бұл аударма ойға сөйлеу тілін қолданған. Сөздікке еңбейтін, *құда бала – жігіт* атауы *құда бала* сөз тіркесіндегі қолданыстан *ересек* сөзінің орнына айтылатынын көреміз. Өйткені, *құда бала* жас емес болуы да мүмкін *ер адам* деп қабылданады. Омонимдік парадигмаға енетін әр лексема жеке номинативті атау ретінде танылады [3, 103 б.].

Парадигмалық аспектіден тілді зерттегенде ол неге осылай қолданған деген мәселені алға тартпай оның шегіне жету мүмкін емес болса, орысша ойлайтын қазақ жастары мәтінді мазмұндағанда етістіктің *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағының орнына *-ған, -ген, -қан, -кен* есімшесін қойып сөйлеуімен әрекетінен іс-әрекетке деген уақыт кеңістігінің әсерін көрсетеді. Мәселен. «Бірде бір жігіт Төле биге келіпті» деген сөйлемді «Төле биге келген» деп баяндау арқылы оқиғаның басы-қасында болмағанын көрсетуге бағыттайды. Прагматиканың басты ерекшеліктерінің біріне – сөйлеушінің өз ойын, мақсатын түсіндіруі, дәлелдеуі, тыңдаушының не оқушы адамның дұрыс қабылдауы үшін қосымша хабарды бірден беруі жатады [4, 122 б.]. Міне, осы ойды білдіру мақсатымен мәтінді мазмұндағанда етістіктің өткен шак түрінің бір күйден екіншіге өтуі қолданылады.

Сөз тәртібін өзгертіп сөйлеу арқылы да орыс тілді ортада өмір сүретінін көрсету әрекеті байқалады. *Жаңбыр басыла ма* сөйлемін орыс тілді орта жастары *жаңбыр басылады ма ?-* деп, *Оның үйісіне бардым* дегенде *үйі*

дегенді үйісіне деп беруі де арнайы прагматикалық сападан туындаған. Олар ауызекі сөйлеу стиліндегі ойлау логикасының орыс тілі заңдылықтарынан туындағанын көрсетсе керек. Кәсіби қазақ тілі пәнінде заң, сот саласының іс қағаздарымен таныстыру барысында да орыс тілінің әсері функционалды стильге әсерін ккруге болады. Тергеу құжаттарында да орыс тілі элементтері сақталған. Орыс тілінің ғана емес, өз тіліміздегі терминдік ала-құлалық заң саласы мамандарына құжат толтыруда қиындық туғызады. Екіқабат – жүкті, ауыр аяқ, аяғы ауыр; қокан-локкы - болсалау, қорқыту; пара беру- паралау, аузын алу, майлау; жас өспірім- жеткіншек кәмелетке толмаған, жасы толмаған, күдікті- сезікті, күмәнді т.б. сөздер жарыспалы сипатта қолданылуы заңгерді шатастырады. Ұрды, қойып қалды, соқты, періп жіберді - күш көрсетті, күш қолданды сияқты сөздер кәсіби мақсатта жиі қолданылады.

Бір ғана мақаладан бұл өзекті мәселенің шешімін көрсету мүмкін емес болғандықтан тек сөйлеу әрекетіндегі орысша ойлаудың прагматикалық мәнін көрсеттік.

Прагматика – коммуникация, ақпаратпен тікелей байланысты болғандықтан, коммуниканттардың бір-біріне және сөйлем мазмұнына мән беретін қарым-қатынастан тұратын тіл ғылымының бір саласы. Ол сөйлеушінің ниетін, ойын, не айтпағын қарастыратындықтан да коммуникативтік ниетін көрсететін стратегиялық, жүйелі тіл білімінің ерекше саласы екенін орыс тіліндегі ойлау мен өз ойын қазақша жеткізуші ортаның мысалдарымен көрсетуге тырыстық.

Тіл – қатысым құралы болса, прагматика – әрекет етуші тіл туралы жүйелі зерттеулерден тұрады. Лаббирование- жабылу, аннулирование- жойылу, эмбарго-тыйым салу, легализовать-заңдастыру, оптимизация - оңтайландыру, рефинансирование-қайта қаржыландыру, презентация - тұсау кесу, принцип-қағида, СИЗО/следственный изолятор/-тергеу қапасы, мошенничество-алаяқтық, терроризм-лаңкестік, фиктивный-жалған, регулирование-реттеу, арбитражный суд-төрелік сот, суд присяжных-алқа билер соты т.б. сөздер еш кедергісіз сөйлеу тілінен гөрі жазба және ресми құжаттар толтыруда орын алды.

Ал сот процесі, судья, прокурор, медиация, коллегия, пленум, интерактивті жиын т.б. сөздер орыс тіліндегі атауын сақтан қолданысқа енді. Бұлардың өзін бір сыңары орысша, екінші сыңары қазақша термин-атаулар деп қарастырамыз.

Қорыта келгенде, заңгердің кәсіби тілі өз алдына бөлек тіл емес, ол да қазақ тілінің заңдылығына бағынышты тіл екенін ескеру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагматикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 6 б.
2. Әлкебаева Д.А. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 84 б.
3. Салқынбай А.Б. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. – Алматы, 2008. – 103 б.

4. Аругюнова Н.Д. Типы языковых значений: Оценка. События. Факты. – М., 1988. – С. 101.

5. Кожина М.Н. Соотношение стилистики текста со смежными дисциплинами стилистики научного текста. – Пермь, 1996. – С. 149.

6. Солганик Г.Я. Лексика газеты. Функциональный аспект. – М.: Высшая школа, 1981.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы разговорной лексики казахской молодежи. Уделяется внимание словосочетаниям и словооборотам русскоязычной аудитории. А так же рассматривается проблема структуры казахского предложения в среде русскоязычной аудитории.

Summary

This article addresses the problem of spoken language Kazakh people. Attention is paid to Russian phrases and lingual audience. And also consider the problem of the structure of the Kazakh proposal of the Russian-speaking audience.

ШҮЛЕНБАЕВА Г.М

Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әрбір үйретудің мүддесі шәкірттерді болмыспен әбден таныстыру, дұрыс, анық ұғым туғызу үшін ұғымсыз деректерді жақсылап түсіндіру. Жана болмыс, жана ұғымдарды миға сіңіру- соның бәрінен тізбекті бір бүтін ой шығару. Әдістерді дұрыс қолданғанда ғана соңғы мүдде орынға келеді. Ой мен іс амал жүзінде адамдардың түзу жолы, басқаша айтқанда, әдіс деген ой мен істі дұрыс жоспармен дұрыс жүргізу өнері. Бұл Жүсіпбек Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші» атты еңбегінде айтқан сөзі[1]. Иә, шындығында әрбір сабақтың түсінікті, қызықты, әрі жан-жақты болып өтуі- алуан түрлі әдіс-тәсілдерге байланысты. Ал оны түрлендіріп қолдана білу ұстаздың шеберлігімен ұштасып жатады. Жалпы әдіс деген сөз ғылымда гректің "metodos" деген сөзінен шыққан. Метод деген ұғым белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары деген мағынаны білдіреді. Жалпы әдістер көп түрлі де сан килы, бірақ жүйелей келе, бұлардың бәрі үш топқа ажыратылады:

- 1) педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері;
- 2) теориялық зерттеу әдістері;
- 3) математикалық әдістер;

Ал біздің тоқталатынымыз педагогикалық тәжірибеде қолданылатын әдістер болмақ. Бұл дегеніміз- білім беру процесін ұйымдастырудың көз алдымызда қалыптасқан тәжірибесін зерттеудің жолдары болып табылады. Сондай-ақ педагогикалық тәжірибені зерттеу барысында, тіл мен

әдебиетте өзіндік орнын алатын бірнеше әдістер түрі бар [2;42]. Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуі барысында қолданатын тәсілдер. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жана білімді түсінуге ықпал етеді. Ал тәсіл – оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады [2].

Сонымен тәсілдер оқыту әдістерінің құрамына кіреді, әдістің жүзеге асуына көмектеседі. Оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру. Әр мұғалім жұмыс барысында әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап, тиімді пайдаланғанда ғана көзделген мақсатқа жете алады. Сондықтан осы мәселені ойдағыдай шешіп, екі жақты құбылысты тиянақты жүзеге асыру үшін сабақтарда мынадай әдіс-тәсілдерді жиі пайдаланған жөн деп білемін: аударма әдісі, тірек сызба әдісі, сұрақ-жауап әдісі, көрнекілік әдісі, пікір-сайыс әдісі, жаттау, оқу, талдау сияқты тағы басқа бірнеше әдістер көп баланың қазақ тілін үйренуге деген ынта-зейінін ашады. Мәселен, орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, білу қазіргі таңның басты мәселесі. Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі- әр түрлі әдіс- тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жана технологияларды енгізу. Қазір технологиялардың түрлері өте көп. Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, лексикалық және грамматикалық тақырыптарды меңгеру күрделі жұмыс. Сондықтан басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту, ауызекі сөйлеуге үйрету қиын да, қызық жұмыс. Жалпы тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын жасау құралы болса, адамдар тіл арқылы қарым-қатынас жасау үшін, алдымен сөзді, онан соң сөйлем құрай алу шарт, тілді үйренудің негізгі мақсаты – өзара сөйлесе, пікірлесе білуге үйрену. Мен ойлаймын, орыс тілді балаларға дәл осы негіз керек деп. Сонымен қатар қазақ тілін меңгерудің тағы да бір дұрыс жолы- әңгімелесу әдісі. Сондай-ақ сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыстың бір түрі – кітаппен жұмыс, яғни кітаптағы жаттығулармен және мәтінмен жұмыс. Мұғалім берілген өлең не әңгімені өте мәнерлеп, нақышына келтіріп оқуы керек. Өленді, не әңгімені оқығанда әр сөзге дұрыс екпін түсіріп, тыныс белгілеріне тоқталып, дұрыс оқу дағдысын бірінші күннен бастап сақтауға тиіс.

Бүгінгі таңда әрбір жаңашыл ұстаз үшін, оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау әдісі кез келген стратегияларға құнды, әрі бағалы. Бұл стратегиялар оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, ұстаздың тығырыққа тірелетін сәттерінен арылтады. Сұрақ қою, ой шақыру, білім көпірі, бес жолды өлең, еркін жазу, білемін, үйренгім келеді, білгім келеді, Венн диаграммасы, пікірталас, болжау, автор орындығы, топтастыру, т.б, стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз. Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының көзқарасын, түсінігін дамыта түседі, жалықтырмайды. Сондай-ақ, тірек сызбалар